


«БЭЙГЕ»




Бастанғы деген дәстүрді  
түсіндір...

- 
- ▶ «Бастанғы» жастардың ата-анасы үйде жоқ кезінде өзінің қатарын шақырып, жегізетін тамағы. Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде, ауыл жастары сол үйге жиылып «жолаушыларды» жолда басы ауырмасын деп, бастанғы жасататын болған. Ән айтылып, ойын сауық құрған.




«Байғазы» қандай дәстүр?

- 
- ▶ «Байғазы» деп балалардың, жастардың жаңа киімі, заты үшін ақшалай, заттай берілетін сыйды айтады.




«Шілдехана» деген қандай дәстүр?

- 
- ▶ Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын алғашқы тойды, шәлдехана той деп атайды.


Сыбаға дегеніміз?






► Құрметті қонаққа немесе  
өздерінің жақын-туыстарына  
арнап сақтаған кәделі ет  
мүшелері

Сыйыт деген не?

- 
- ▶ Ежелгі дәстүрде қайтыс болған адамның тұтынған киімдерің, оның сүйегін жууға кірген адамдармен, өзі қатарлас адамдарға үлестіретің салт болған. Егер киімі берілмей үй-іші қараулық жасаса аруақ жалаңаш жүреді деген ұғым бар.



Тұсаукесер дәстүрін түсіндір....


- 
- ▶ Сәбиді қаз тұрғаннан кейін, тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып,ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады, мінезі жақсы, тез жүретін адамға кестіреді.

Кәде деген не?

- ▶ Ойын-тойда тағы сол сияқты ажарлы базарлы мейрамдарда берілетін сыйды немесе алымды «кәде» деп атайды. Кәдеге тоқтау жоқ, дәлел жүрмейді, кәде беру-міндет. «Ат өлсе де,кәде өлмейді» деген аталы сөз бар. Той кәделері: тойбастар, айттық, көрімдік т.с.с

Асату деген не?



- 
- ▶ Ет желініп болған соң, төрде отырған ақсақал табақта қалған етті жас балалар мен жас жігіттерге асатады.